

Ғасырдың өлім тұзақтары



Ішімдік туралы жалпы мағлұматтар

- **Ішімдік – “этил спирті” немесе “этанол” деп те аталады.**
- **Әр түрлі жеміс- жидектерден, тұқымдардың ашытқысынан жасалады.**
- **Этил спирті- мөлдір әрі түссіз болып келеді.**
- **Ішімдіктің кейбіреулерінде спирттің мөлшері 40 % градусқа жетеді.**

Қазақстандағы сыра өнеркәсібі

Қазақ жерінде алғашқы
сыра қайнату зауыты
XIX ғ. II жартысында пайда болды




Қазір ірі кәсіпорындар жылына
600 млн литр сыра өндіреді

Тәулігіне 200-ден 1000-литрге дейін
сыра қайнататын 60-тан аса шағын
сыра зауыты бар

1997 жылдан бастап,
сыра өнеркәсібі жолға
қойылды





Тарихта сыраның дайындалу тәсілін ойлап тапқан адамның кім екені белгісіз болып қалды. Алайда оның бағзы замандарда көне Египет пен Грекияда қайнатылғаны мәлім. Одан кейін Англия, Бельгия, солтүстік Францияда, Германияда, Русьте сыра қайнату өнерінің өркендегені тағы бар. Соңғысында Пасхада, Дмитрий сенбісінде, масленицада, шоқындыру мен үйлену тойларында қайнатып ішуге рұқсат берілген. Одан бері қаншама уақыт өтті. Қазіргі кезде сыраның отаны – Чехия делінсе, еліміз бойынша Шымкент пен Қарағанды қалалары осы сусын яки ішімдік түрін қайнатудан көш бастап тұр.



Сыра — арпа, су және құлмақ (хмель) араластырып ашыту арқылы дайындалатын алкогольі аз сусын (ішімдік). Оның құрамында 4—10%-ға дейін тез сіңетін тағамдық заттар, 0,3—0,4% көмірқышқыл газы мен органикалық қышқылдар, құлмақтың ащы қалдықтары, сондай-ақ 1,8—6% шамасында алкоголь болады. Сыра дайындауда арпаны тазалайды, жуады, суға салып жібітіп қабығынан ажыратады. Осы дәндерді көктетіп ары қарай ыстық бумен кептіріп диірменге тартады да, суға араластырады. Суда біраз ұсталған соң ол қою массаға айналады. Оны сүзіп, үстіне құлмақ салып қайнатады. Осыдан соң массаны қайта сүзіп суытады. Осы масса ашыту аппаратында 5—90°C температурада 7—8 тәулік сақталады. Одан соң ары қарай ашыту және дәмі жетілу үшін 0—20° Стемпературада арнаулы ыдыста сақталады. Сыраның толық ашу уақыты 21—90 тәулік

Ішімдіктің адам ағзасына келтіретін зияндары

Тамақ

Жүрек

Бауыр

Бүйрек

Жыныс
мүшелері

Қан
айналымы



Ми

Өкпе

Асқазан

Аш ішек

Буындар мен
еттер

СЫРАНЫҢ 8 ПАЙДАСЫ

ШАШҚА ӘР БЕРІП, ЖЫЛТЫРАТАДЫ

Шашты жуып болған соң басқа сыра кұйып, 3 минуттай укаланыз. Сосын салкын сумен шайыңыз.



ТАМАҚТЫҢ ДӘМДІ БОЛУЫНА ҮЛЕСІ БАР

Сыра сорпасын пісіруге, етті маринадтауға болады.



АҒАШ ЖИҢАЗЫҢЫЗДЫ "ЖАҢАРТАДЫ"

Сыраға батырылған микрофибра шүберегімен жиһазыңызды сүртіңіз - жалтырайды.



АРАДАН ҚҰТҚАРАДЫ

Пикникке шыққанда ара мазаласа, алыстау жерге сыра кұйылған ыдысты қойыңыз - құтыласыз.



ӨСІМДІККЕ ҚҰНАР БЕРЕДІ

Қонақтардан қалған сыраны текке төкпей, бақшаға кұйыңыз.

БАУ-БАҚША ЖӘНДІКТЕРІН ЖОЯДЫ

Жалпак ыдысқа кұйып, бақшаныздың әр жеріне қойыңыз. Кұрт-кұмырсқаға жақсы қақпан.

ТЕРІНІ ЫЛҒАЛДАНДЫРАДЫ

Сырамен жуыныңыз. Ваннаға су толтырып, бірнеше бөтелке сыра қосыңыз.

ДАҚТЫ КЕТІРЕДІ

Кілемге шарап, кофе, шәй төгіп алсаңыз, сыраның көмегімен тазалауға болады.

Сыраның адам ағзасына тигізер зияны

Зейін қою, есте сақтау қабілеттерін нашарлатады



Аранды ашып, көп тамақ жегізеді. Асқазан үлкейіп, адам семіреді



Ерлерде жыныс гормоны - тестостерон азайып, әйелге ұқсай бастайды. Қарын шығады



Жүрекке күш түсіріп, жұмысын бұзады



Жиі дәрет сындырғаннан бүйрек тамшылары тарылып, қан кетуі мүмкін



Бауыр ауруы, оның ішінде, гепатит және бауыр циррозы пайда болады



Әйелдерде климакс ерте басталады



Ерлерде жыныстық қатынасқа түсу белсендігі төмендейді



Сыра — семіздікке апаратын төте жол





Бүгінде сыраға ең қатал заңдарымен қарсы тұрған — Ислам мемлекеттері. Біріккен Араб Әмірліктерінде көшеде, жағажайларда оқыстан шөл қысып, сыра ішемін десеңіз: абай болыңыз! Сізге дереу айыппұл салынып, тіпті түрмеге қамауы да мүмкін. Еуропа елдерінде жүргенде шөл қысса, сыра сіміруге тыйым салынбайды. Тек қоғамдық орындарда өзіңізді ұстай білсеңіз болды. Америкада кәмелетке толмағандарға алкоголь өнімдерін саудалауға тыйым салынған. Сондықтан жасыңыз 21-ге толмаса, ол жақта ішімдік сатып, пайда табамын деп ойламаңыз. Өзімізге келсек, саябақ толы сыраның шөлмектері, теледидар толы сыраның жарнамалары...

Әйелге айналу һәм семіздік
Сыраның құрамында біз біле
бермейтін фитостеролен элементі
бар. Әйел гармондары үшін аса
қауіпті болып саналатын бұл зат
уақыт өте келе нәзік жандыларды
ашушаң етіп, психикасын бұзады,
ішімдікке шырмауықша байлайды.
Өзіңіз байқап қарасаңыз, сыраны
шімірікпей ішетін қыздардың
дауысы жуан, денелері ірі,
қимылдары оқыс келеді. Ал,
еркектерде керісінше, әйелде
кездесетін гармондар пайда бола
бастайды. Дауыстары жіңішкеріп,
бұлшық еттері салбырайды,
иықтары жоғалып, қарындары
шығады, белінде май қатпары
өседі.



Сыра-дерек:

-Ресейде әрбір адам жылына 18 литр, ал Қазақстанда 4 литр спирттік ішімдік тұтынады;

-Жыл сайын 100 мың қазақстандық сапасыз арақтан уланып, ауруханаға түседі;

-Кейінгі 3 жылда елімізде 55962 өрт шығып, осы оқиғада ішімдік салдарынан 1138 адам көз жұмған. Соңғы 6 жылда көлікті мас күйде айдаудың кесірінен 4833 жол апаты орын алып, 977 адам өмірімен қоштасқан;

-Қазақстанда арақ өндіретін – 40, шарап шығаратын – 24, сыра қайнататын 62 зауыт бар екен;

-Құзырлы орган қызметкерлері қылмыстың 68 пайызы ішімдік ішу салдарынан орын алатынын айтады;


Сыраға су деп қарап, сырлас болып, суша сіміргеннің соңы сырқатқа апаратынын естен шығармалық. Әйтсе де «ішпеу керек» деп дабыл қаққанмен, пысқыратын жан табыла қоймас. Құрығанда жиі ішуді азайтып, сыраны дұрыс қабылдау жолын білсе екен деген ой бізде!



Сен енді ғана бастадың-ау
деймін...
Қорықпа жақында сен де мен
сияқты боласың.



Ішімдіктің ақыры...



Арақ- ішкен адамға ғана кесірін тигізіп қоймайды, ұрпағын да шарпиды. Әйел арақ ішсе, аналық жұмыртқа клеткалары зақымданып, бала кеміс туады. Әсіресе, аяғы ауыр кезінде арақ ішкен әйелдің баласы сөзсіз кемшін болады. Арақ болашақ ұрпақты құртатын, болашақ ұрпаққа кері тәрбие беретін ащы су. Әлемдегі ең зиянды зат арақтан құтылудың жолын шешкен – Ислам шариғаты.

Ойланайық !!!.....

